

ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ: ЖЕЛІДЕГІ ӘДЕП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі заман технологиялары қоршаған әлемді көз істеспес жылдамдықпен өзгертіп келеді, медиасала да бұл өзгерістерден қалысып отырған жоқ. Адамдардың басына төпелеп жатқан ақпарат қарқыны өскен үстіне өсуде.

Контент толассыз әрі бір мезгілде кемінде 5 экраннан үйіліп төгіліп жатыр: десктоп, ноутбук; смартфон; планшет; теледидар (одан бөлек смарт-сағаттар мен виртуал шынайылық көзілдіріктері де бар!).

Барлық ел арасындағы интернетке қол жетімділік индексі бойынша ең соңғы деректі өзінің статистикалық бөлімінде АҚШ Орталық барлау басқармасы (ЦРУ) жариялап тұрады [1,108]. Соңғы дерек бойынша 2025 жылы 235 елдің ішінде Қазақстан интернетке қол жетімділігі бар адамдар саны бойынша 43-орынға шықты. Мәселен, ЦРУ дерегіне сәйкес 2025 жылы желіге кемінде бірнеше айда бір рет ҚР-ның 15 700 000 тұрғыны шыққан.

«Әлеуметтік желінің ауқымы өте кең. Жаһандық цифрлы халықпен бірге, желілік желіні қолдану кеңейіп келеді, бұл әлеуметтік медиа мен интернеттің қатар жүретінін дәлелдейді. Платформа бір кезде әлеуметтену үшін онлайн кеңістік ретінде қарастырылған, бірақ қазір бизнес, танысу, саясат және күнделікті қарым-қатынас мәселесі үшін пайдаланылады» [2].

«Әлеуметтік желі Web 2.0 өнертанбасы арқылы пайдалануға болатын интернет-қосымшаның қатарына жатады, ол пайдаланушылардың бірлесіп жұмыс істеуіне, пайдаланушылардың мазмұнын жаппай бөлісуге және фотосурет пен бейнені орналастыруды жеңілдетуге бағытталған» [3].

Әлеуметтік желі немесе микроблог та ақпараттық ресурс секілді көз істеспес жылдамдықпен кең тарала бастады. Медианың форматы мен түрлері де өте жылдам өзгеріп жатыр. Қолданушылар бір түріне үйреніп болмай, жаңасы шығуда. Өзгермейтін бір нәрсе бар: ақпарат пайда болады, жолданады және таралады, әрі оның көлемі әрдайым көбейіп отырады.

Әлеуметтік желінің пайдасы неде? Ең алдымен, бұрын білмеген адамдармен қарым-қатынас жасауға ықпал етеді, пікір алмасады және өз пікірлесін табады. Кез келген сәтте танысыңызбен сөйлесуге, тегін пікір алмасуға, сұрақ қоюға, соңғы жаңалықпен бөлісуге мүмкіндігіңіз бар. Әлеуметтік желі арқылы сіз соңғы жаңалық пен оқиға туралы әрдайым біліп отырсыз. Тек хабардар болу ғана емес, сондай-ақ осы оқиғаға қатысы бар адамдардың пікірімен танысуға да болады. Әлеуметтік желіден сіз түрлі ойын-сауық музыка мен ән, фильм, фотосурет, мақала және барлығын тегін табасыз. Сондай-ақ деректі фильм, кітап, дәріс пен мақалаларды табуға және оқуға болады.

Интернет желісінде реттеуші нормаға аса қажеттілікке байланысты компьютерлік этика деген ұғым пайда болды. Компьютерлік этика – желідегі пайдаланушылардың мінез-құлық ережесінің жасырын жиынтығы. Мамандардың пікірінше, компьютерлік этика психология, ақпараттық технология, саясат, моральға қатысты бірқатар маңызды мәселені қамтиды.

Сондай-ақ компьютерлік этика бірқатар заңдық және әлеуметтік мәселемен тығыз байланысты. Компьютерлік этикада қауіпсіздікке ерекше мән беріледі. Пайдаланушылар үшін қауіпсіздік өте маңызды, өйткені адамдардың жеке техникалық құралында, смартфон немесе компьютер болсын, жеке ақпарат, банктегі есепшоты туралы ақпарат және т.б. болады. Осыған байланысты компьютерлік этика интернет-қоғамдастықтың барлық ақылға қонымды пайдаланушысы сақтайтын бірнеше жасырын қауіпсіздік ережесін білдіреді.

Компьютерлік этикамен бекітілген қауіпсіздік ережесі:

– егер сіз сұхбаттасыңызға сенбесеңіз, ешқашан өзіңіз туралы жеке ақпарат (тегі, телефон нөмірі, мекенжайы) бермеңіз; – шынайы өмірде желідегі қарым-қатынас бойынша адаммен кездесу жақсылыққа апара бермейді, өйткені адамдар электронды қарым-қатынаста және шынайы кездесу сәтінде сәйкеспей қалуы әбден мүмкін; – бейтаныс немесе сенбейтін пайдаланушылар жіберген электронды пошта хатын, файлды немесе сілтемені ашпаңыз; – электронды хат алмасуда әрқашан сыпайы болыңыз. Есесіне сізбен де сөйлесушілеріңіз сыпайы болады; – электронды хатта Caps Lock пернесі басылған мәтінді қолданбаңыз, бұл интернет-қатынаста айқай ретінде қабылданады және сұхбаттасыңызға жағымсыз эмоция туғызуы мүмкін; – әңгімелесушімен алдын ала келісімсіз жазылған хатта ауқымды көлемдегі ақпаратты (сурет, фотосурет және т.б.) жібермеңіз; – бейтаныс адамдарға олардың өтінішінсіз қандай да бір ақпараты бар хатты жібермеңіз, бұл «спам» ретінде қабылданады және ол желі пайдаланушысын мазалайды.

Гаджетті пайдалану кезіндегі этикет ережесін де сақтау өте маңызды. Олар [4]:

1. Адаммен сөйлесу кезінде телефон немесе планшетті пайдалануды барынша азайтыңыз. Мұны сатумен айналысатын адамдардан үйренуге болады. Қазір байланыста болып жатқан адам осы сәтте қоңырау шала алатын немесе жазатын адамнан маңызды. 2. Қауіпсіздік шарасын сақтаңыз. Қауіпсіз құпия сөзді орнату ережесін зерделеп, екі факторлы аутентификацияны тектеңіз. 3. Айналаңызға ыңғайсыздық келтірмеңіз (дыбыс, діріл, жарық). Іскерлік этикет нормасы бойынша телефон қоңырауы бейтарап болуы керек деп есептеледі – смартфонда әдепкі орнатылған қоңырау. Егер сіз жұмыста болсаңыз, телефонның дыбысын сөндірген дұрыс. Есіңізде болсын, егер сіз театрға келсеңіз, дірілін де өшіріп тастаған дұрыс, өйткені ол даусы

қатты шығатын қоңыраудан кем естілмеуі мүмкін. Кинотеатрда экранның жарықтылығын әрдайым азайтыңыз. 4. Қоңырау шалуы тиіс адамға қазір сөйлесе алмайтыныңызды ескертіңіз. Немесе кездесуге тиіс сұқбаттасыңызға маңызды қоңырау күтіп тұрғаныңызды айтыңыз. 5. Кейде сөйлеу көптеген ыңғайсыз жағдайдан құтқарады. Егер олардың әңгімесіне қатыспайтын болсаңыз, іскер серіктестермен түскі аста телефонмен сөйлесіп отыру орынды ма? Ең алдымен, түскі ас үстелінде ұялы телефон жатқаны дұрыс емес деп есептеледі. Бұл – телефон болғандықтан емес, тамаққа жатпайтын барлық зат ас үстелінде болмауы тиіс. Көзілдірік, әмиян, сөмке, дәрі-дәрмек, тарақ және т.б. заттың барлығы асхана этикетінің ережесіне сәйкес түскі ас кезінде үстелде болмауы тиіс.

Цифрлы әдептің маңызы зор. Цифрлы кеңістікте дұрыс, ыңғайлы және тиімді өзара іс-қимыл жасап қана қоймай, цифрлы этикет (нетикет) қағидасын басты назарда ұстауымыз керек. «Цифрлы этикет» түсінігі 1980 жылдары FidoNet сияқты интернет-қауымдастықпен бірге пайда болды. Желілік нетикет туралы білім деңгейін арттыру үшін ауызша және жазбаша сөйлеуді жетілдіру қажет, атап айтқанда, желілік қарым-қатынас кезінде өз ойыңызды дәйекті түрде айтыңыз, сендіріңіз, өз көзқарасыңызды қорғаңыз. Жазба қалдырып жатқан тілдің тазалығы мен байлығына мән беру шарт.

Ақпаратты жасыру мүмкін емес екенін үнемі есте ұстаңыз. Сізді ыңғайсыз жағдайда қалдыратын материалды (фотосурет, сурет, мәтін) жарияламаңыз. Кез келген ақпарат өзіңізге қарсы пайдаланылуы мүмкін. Пост үшін дайындаған жазбаны бөтен көзбен оқып көріңіз – контентті жаппай көргенге дейін сүзгіге көмектесетін пайдалы жаттығу. Бірінші әсер цифрлы із сияқты маңызды. Адам туралы өмірдегі алғашқы әсерді қалыптастыру үшін бір жарым секунд, ал оны әлеуметтік желіде жасау үшін жеті секунд қажет. Нетикеттің алтын ережесі осы қағидаға негізделеді: «Сіз офлайн режимінде айтпайтын немесе жасамайтын нәрсені онлайн режимінде жасамаңыз немесе айтпаңыз. Пікір, жаңарту немесе сурет жарияламас бұрын өзіңізді сол нәрсені бетпе-бет бөліскенде ыңғайлы сезінесіз бе? деп өзіңізден сұраңыз. Егер ыңғайсыз сезінсеңіз, оны жарияламаңыз. Онлайн және офлайн қарым-қатынасыңызға зиян келтірмеу және беделіңізді қорғау үшін нетикеттің осы негізгі ережесін сақтаңыз» [5].

Әдеп нормасы мен ережесі – жеке адамға қойылатын адамгершілік талаптың қарапайым нысанының бірі. Бір жағынан, бұл – жаппай әдет-ғұрыптың күшімен ұдайы жаңғыртылатын моральдық қарым-қатынас элементі, қоғамда оң пікір тудыратын кейс, ал екінші жағынан, ізгілік пен жамандық, борыш, ар-ождан, әділдік туралы өз түсінігін негізге ала отырып, міндетті түрде орындауды талап ететін өзіне-өзі билік түрінде рәсімделетін моральдық сана нысаны.

Сондай-ақ адам туралы жеке мәлімет неғұрлым көп жинақталса және өңделсе, автоматтандырылған өңдеу нәтижесінің мұндай адамның өміріне ықтимал әсер ету дәрежесі соғұрлым жоғарылайды және сәйкесінше оның құқығын бұзу қаупі артады.

Заң тұрғысынан қандай ақпаратты жария етуге болмайды? Олар:

– жеке басы және отбасы құпиясы; – бала асырап алу құпиясы; – хат/ хабарлама алмасу, телефон әңгімесі т.б. телекоммуникация құпиясы; – коммерциялық құпия (кәсіпкер құпиясы);
– дауыс беру құпиясы; – зейнетақысын жинақтау құпиясы; – сақтандыру құпиясы; – дәрігер құпиясы;
– салық құпиясы; – адвокат құпиясы; – банк құпиясы; – тергеу құпиясы; – нотариалды, аудиторлық, журналистік құпия.

Қазақстан құқығында интернетті пайдаланушының кейбір әрекеті үшін жауапкершілікті көздейтін бірқатар заң бар. 2020 жылы Қылмыстық кодекстегі 130-бап («Жала жабу») Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырылды.

Жала жабу дегеніміз – басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәлімет тарату. Ал қорлау дегеніміз – басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту.

«Жала жабу» – («адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәлімет тарату») бойынша түзету жұмысы. Оған 3000 АЕК дейін (8 миллион теңгеге жуық) айыппұл салу, бостандығын шектеу немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру сияқты қатаң жаза қарастырылған.

Біріншіден, адамның өзіне немесе телефонмен айтылған қорлау сөздері үшін 100 АЕК (277 800 теңге, 1 АЕК 2020 жылы = 2778 теңге) немесе қоғамдық жұмысқа тарту (120 сағатқа дейін) көзделеді. Екіншіден, интернетте немесе жазбаша түрде қорласа, 200 АЕК (555 600 теңге) немесе 180 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылады [6].

Соңғы жылдары цифрлық технологияның дамуы балаларға қатысты зорлық түріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтың құрбанына айналып, тіпті арасында өз-өзіне қол жұмсайтындары да бар. Осыған орай, мамандар балаларды кибершабуылдан қорғаудың қазақстандық бағдарламасын әзірлеп, бекітуді көздеп отыр.

Желіде қудалаудың да бірнеше түрі бар, соған сәйкес әрқайсысына қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте арнайы бап қарастырылған. Алдымен екі адамның арасындағы әңгімені әлеуметтік желіге рұқсатсыз жариялаудың мақсатын білу керек. Егер қандай да бір мақсатпен жарияласа, ол бір қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтың құралы не тәсілі болуы ықтимал. Мысалы, ақша талап ету мақсатында екеуара әңгімені жариялап жіберсе, Қылмыстық кодекстің 194-бабы («Қорқытып алу») бойынша сараланады.

Ешқандай мақсат болмаса да әлеуметтік желіге жеке әңгімені жариялау Қылмыстық кодекстің 148-бабы («Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабары немесе өзге де хабар құпиясын заңсыз бұзу») бойынша қаралады [6].

Кибербуллингтің ең эмоциялық қарқынды түрі – *флейминг* (ағылш. flaming – тұтану). Ол қорлаудан басталып, репликаның тез эмоционалды алмасуына айналады, әдетте, көпшілік алдында кездеседі, жеке хат алмасуда сирек ұшырасады. Бастапқыда тең позициядағы екі әңгімелесушінің арасында орын алады, бірақ кенеттен агрессия теңгерімсіздік тудырады, бұл қатысушы өзінің қарсыласы осы шабуылда өз жағына кімді тарта алатынын білмейтінінен күшейеді. Флеймингке ұқсас, бірақ буллингтің бір бағыттағы түрі – *харассмент* (ағылш. harassment – қысым көрсету). Бұл белгілі бір мақсаты жоқ, бірақ мазасыздық және стресс тудыруға бағытталған тұрақты немесе қайталанатын сөздер мен әрекет. Киберхарассмент көрінісі, әдетте, жәбірленушіге моральдық тұрғыдан үлкен қысым түсіп, қорқыныш немесе агрессорды анықтау мүмкіндігі жоқ секілді сезімнен жауап бере алмай, кейде келген хабарламаны төлеуге мәжбүр болатын қайталанатын қорлау хабарламасынан көрінеді.

Қорыта айтар болсақ, сөз және пікір білдіру бостандығы шексіз емес, олар басқа адамдардың құқықтарын бұзбайынша ғана әрекет етеді. Сондықтан заңнама жеке тұлғаны өзіне қатысты зиянды ақпараттан қорғаудың әртүрлі құралдарын ұсынады. Бұл саладағы даулардың сипаты мен қорғау әдістерінің ыңғайлылығына байланысты, бұл бағыт "диффамациялық қақтығыстар саласы" деп аталады. Бұл термин біздің заңнамамызда қолданылмаса да, Батыстан енген және әлеуметтік желілерде зиянды ақпарат таратуды да қамтиды. Өкінішке қарай, біздің осы саладағы заңнамамыз ескірген және тиімсіз, ол жеке тұлғаның әлеуметтік желілердегі құқықтарын толық қорғай алмайды.

Әдебиет:

1. Қазақстан жоғары оқу орындары оқытушыларына арналған медиасауат бойынша оқу құралы. – Алматы: Интерньюс, 2021. - 272 бет
2. <https://www.statista.com/topics/1164/social-networks/>
3. <https://www.dictionary.com/>
4. Рамазанова Ж.С. Әлеуметтік медиадағы коммуникация. Оқу құралы. – Қарағанды, 2023. – 195 б.
5. <https://www.verywellmind.com/ten-rules-of-netiquette-22285>
6. «Құқықтық медиа-орталық» қоғамдық қоры «Журналистің құқықтық анықтамалығы». – Астана, 2021. – 112 б.

Пашкевич А.В., Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, исторический факультет, гр. М-МО-24-1р. , студент магистрант
(*Научный руководитель – к.и.н., профессор Смагулова Г.М.*)

ТРАНСФОРМАЦИЯ МИГРАЦИОННЫХ ПОТОКОВ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ ИЗ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ ЛИБЕРАЛИЗАЦИИ ПЕРЕДВИЖЕНИЯ РАБОЧЕЙ СИЛЫ В ЕАЭС

Миграционные процессы в Центральной Азии на протяжении последних двух десятилетий остаются одним из ключевых социально-экономических факторов развития постсоветского пространства. В этом контексте особый научный и практический интерес представляет влияние региональной интеграции на трансформацию миграционных моделей.

Создание Евразийского экономического союза и функционирование в его рамках системы свободного передвижения товаров, услуг и труда стало важнейшим институциональным изменением в миграционном регулировании на постсоветском пространстве. В рамках ЕАЭС граждане государств - участников получили право на свободное трудоустройство, упрощенный порядок пребывания, а также доступ к базовым социальным гарантиям в принимающих странах [1].

Вместе с тем, влияние либерализации миграционного режима на реальные масштабы и направления миграции остаётся предметом дискуссий. С одной стороны, упрощение доступа к рынкам труда теоретически должно способствовать росту миграционных потоков из менее экономически развитых стран в более развитые. С другой стороны, эмпирические исследования показывают, что открытие границ нередко приводит не к устойчивому росту эмиграции, а к формированию моделей циркулярной и краткосрочной мобильности, сопровождающихся высоким уровнем возвратной миграции. В этом смысле опыт ЕАЭС представляет собой важный кейс для оценки последствий региональной интеграции в условиях асимметричного экономического развития.

Целью настоящего исследования является анализ влияния политики «открытых границ» в рамках ЕАЭС на изменение направления трудовой миграции между странами Центральной Азии и государствами-членами Союза. В рамках работы проверяется гипотеза о том, что введение режима «открытых границ» привело к устойчивому росту трудовой эмиграции из стран Центральной Азии.

Методологическая база исследования опирается на сочетание теории «выталкивающих и притягивающих факторов» Э. Ли и институционального подхода к анализу миграции [2]. Данная теория используется в качестве исходной модели, позволяющей сформулировать ожидания относительно динамики миграционных потоков в условиях либерализации передвижения рабочей силы. В рамках исследования, под